АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 3 АРНАЙЫ МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛЬНАЯ ШКОЛА № 3»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31.08.2026 № 89-ө/қ

№

2026-2027 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Білім алушыларды сапалы, қауіпсіз және ұтымды тамақтандыруды қамтамасыз ету, санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, Астана қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ-нің білім алушылары контингентінің ерекшеліктерін ескере отырып тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына және оның қолданыстағы редакциясына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ-нің білім алушыларын 2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, бекітілген мәзірге, мектептің жұмыс режиміне және тамақтану кестесіне сәйкес тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2. Мыналар бекітілсін:

1) білім алушылардың тамақтану кестесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) тамақтандыруды ұйымдастыруға және бақылауға жауапты тұлғалар тізбесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау кестесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) дайындауға және өткізуге жол берілмейтін тамақ өнімдерінің тізбесі осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша құжаттама тізбесі осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты тұлғаға:

1) білім алушыларды күнделікті тамақтандыруды бекітілген мәзірге және тамақтану кестесіне сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

2) нақты тамақтанатын білім алушылардың санын бақылауды жүзеге асыру;

3) тамақтануға жататын білім алушылар санының өзгеруі туралы мәліметтерді уақтылы ұсыну;

4) тамақтану кестесінің сақталуын бақылау;

5) медицина қызметкерімен, педагог қызметкерлермен және тамақтандыру қызметін көрсетушімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

6) қажетті құжаттаманың болуын бақылау;

7) анықталған бұзушылықтар туралы мектеп әкімшілігіне дереу хабарлау тапсырылсын.

4. Медицина қызметкеріне:

1) өз құзыреті шегінде тамақтандыруды ұйымдастыруға медициналық бақылауды жүзеге асыру;

2) дайын тамақ өнімдерінің сапасын бақылауға қатысу;

3) тамақ өнімдері мен дайын тағамдарды сақтау жағдайларының сақталуын бақылау;

4) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

5) бракераж комиссиясының жұмысына қатысу;

6) сәйкессіздіктер анықталған жағдайда мектеп директорына дереу хабарлау тапсырылсын.

5. Бракераж комиссиясына:

1) дайын тағамдардың білім алушыларға берілгенге дейінгі сапасын бағалауды жүзеге асыру;

2) дайын тағамдардың бекітілген мәзірге сәйкестігін бақылау;

3) дайын өнімнің сапасына немесе қауіпсіздігіне сәйкессіздік анықталған жағдайда, оны белгіленген тәртіппен өткізуге жол бермеу;

4) бақылау нәтижелерін тиісті құжаттамаға енгізу тапсырылсын.

6. Сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге:

1) білім алушылардың кестеге сәйкес асханаға ұйымдасқан түрде баруын қамтамасыз ету;

2) тамақтану кезінде білім алушылардың қатысуын бақылау;

3) білім алушылардың жеке бас гигиенасы және асханадағы тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;

4) білім алушылар болмаған жағдайда бұл туралы жауапты тұлғаға уақтылы хабарлау;

5) қажет болған жағдайда қолда бар медициналық ұсынымдарға сәйкес білім алушылардың тамақтанудағы жеке ерекшеліктерін ескеру тапсырылсын.

7. Кезекші әкімшіге:

1) тамақтану кестесінің сақталуына, тамақтануды ұйымдастыруға және асханадағы тәртіпке күнделікті жедел бақылауды жүзеге асыру тапсырылсын.

8. Асхана қызметкерлері мен тамақтандыру қызметін көрсетушіге:

1) бекітілген мәзірді және тағамдарды дайындау технологиясын қатаң сақтау;

2) осы бұйрықтың 4-қосымшасында көрсетілген тамақ өнімдерін дайындауға және өткізуге жол бермеу;

3) тамақ өнімдерін сақтау жағдайларына, жарамдылық мерзімдеріне және өткізу мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

4) үй жағдайында дайындалған өнімдерді және қолданыстағы заңнамада тыйым салынған өзге де өнімдерді өткізуге жол бермеу;

5)үй-жайлардың, жабдықтардың және мүкәммалдың тиісті санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету;

6) жеке бас гигиенасы талаптарын сақтау тапсырылсын.

9.Білім алушыларды ерекше диеталық қажеттіліктерін ескере отырып тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде тиісті медициналық ұсынымдар мен қолданыстағы заңнама талаптары ескерілсін.

10.Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына білім алушылардың тамақтануды ұйымдасқан түрде қабылдауына педагог қызметкерлердің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету тапсырылсын.

11. Жауапты тұлғаларға тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты құжаттаманы жүргізуді және оның уақтылы толтырылуын қамтамасыз ету тапсырылсын.

12.Тамақтандыруды ұйымдастыру талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдау үшін мектеп директорына дереу хабарлансын.

13.Тамақтандыруды ұйымдастыруға тартылған барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығының қолданыстағы редакциясындағы талаптарды сақтасын.

14.Тамақтандыруды ұйымдастыруға қатысатын қызметкерлер осы бұйрықпен қол қойғызып таныстырылсын.

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Г.Т.Абдигалиева**